

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№3(128)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,  
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

<i>Арыққарақызы Е. Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы (Балалар туындыларының ерекшелігі) .....</i>	<i>8-14</i>
<i>Баекенова А., Тұрысбек Р. Эпистолярлық мұра: хаттар мен хаттасулар (Сәбит Мұқанов жазбалары негізінде) .....</i>	<i>15-22</i>
<i>Қожашев М. Жамбылдың айтыс өнері: синкреттілік пен шеберлік .....</i>	<i>23-29</i>
<i>Мусайева И. Әзербайжан классикалық әдебиетіндегі роман жанрының генезисі .....</i>	<i>30-43</i>
<i>Назарова А., Мансұров Н. «Мифологем» терминінің этимологиялық сипаты .....</i>	<i>44-50</i>
<i>Рысқұлбекова С., Дүйсенгазы С. Тәуелсіздік толғаулары: негізі мен қазіргі үрдісі .....</i>	<i>51-58</i>
<i>Сыдықбаева А., Аймұхамбет Ж. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша) .....</i>	<i>59-67</i>
<i>Тебегенов Т., Қожашев М. Жамбыл - Ұлы дала жыршысы .....</i>	<i>68-73</i>

### *Лингвистика және әдістеме*

<i>Абдуова Б. Маманның кәсіби тілдік құзыреттілігі: дерек пен бағдар .....</i>	<i>74-82</i>
<i>Ержуманова А., Елубай А. Ағылшын тіліндегі Indefinite аспектісі: диахрония мен синхронияда дамуы .....</i>	<i>83-91</i>
<i>Жұмағұлова В., Кәрімова Б. Қоғамдық санаға ықпал етудегі БАҚ-тың лингвокогнитивтік мүмкіндіктері .....</i>	<i>92-99</i>
<i>Исенова Ф. Студенттердің жазбаша құзыреттілігін қалыптастырудағы академиялық эссе және оның рөлі .....</i>	<i>100-106</i>
<i>Құсайынова Ж. Синтаксистік құрылымдағы актуалдану, деактуалдану құбылыстарының грамматикалық заңдылықтарға ықпалы .....</i>	<i>107-114</i>
<i>Логинова М., Жарқынбекова Ш. Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі .....</i>	<i>115-128</i>
<i>Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері .....</i>	<i>129-136</i>
<i>Осокина Д., Мұрзалина Б. Ретроним – жаңа ағылшын терминдерін жасаудың амалы .....</i>	<i>137-145</i>
<i>Сарекенова Қ., Тұрарханова Қ. Қазақ және түрік тілдеріндегі тыныс алу жүйесіне қатысты тұрақты тіркестердің ерекшеліктері .....</i>	<i>146-152</i>
<i>Шахпұтова З., Нуртазина М. Лингвистиканың бинарлық қарама-қарсылықтары – әлемнің тілдік бейнесіндегі концептуализация тәсілі .....</i>	<i>153-164</i>

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Arikkarakzy E.</i> Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works) .....	8-14
<i>Bayekenova A., Turysbek R.</i> Epistolary Heritage: Letters and Correspondence (based on correspondence of Sabit Mukanov) .....	15-22
<i>Kozhashev M.</i> Zhambul's Improvisational Art: Syncretism and Word Mastery ....	23-29
<i>Musaeva I.</i> Genesis of the Novel in Classical Azerbaijani Literature .....	30-43
<i>Nazarova A., Mansyrov N.</i> Etymological Characteristics of the Term «Mythologeme» .....	44-50
<i>Ryskulbekova S., Duysengazy S.</i> Independence of Tolgau: Fundamentals and Current Trends .....	51-58
<i>Sydykbaeva A., Aimukhambet Zh.</i> Manifestation of Anthropomorphism in Modern Kazakh Story (based on Askar Altai's story «Centauri») .....	59-67
<i>Tebegenov T., Kozhashev M.</i> Zhambyl - Poet of the Great Steppe .....	68-73

### *Linguistics and methodics*

<i>Abduova B.</i> Professional Language competence: Facts and Direction .....	74-82
<i>Erzhumanova A., Elubai A.</i> English Indefinite Aspect: Development in Diachrony and Synchrony .....	83-91
<i>Zhumagulova V., Karimova B.</i> Linguo-Cognitive Opportunities of Mass Media in Manipulating Public Consciousness .....	92-99
<i>Issenova F.</i> Academic Essay and Its Role in the Formation of Students' Written Competence .....	100-106
<i>Kussaiynova Zh.</i> Influence of Actualization and Deactualization Phenomena on Syntactic Laws .....	107-114
<i>Loginova M., Zharkynbekova Sh.</i> The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge .....	115-128
<i>Mamayeva G.</i> Single-rooted Turkic terms .....	129-136
<i>Ossokina D., Murzalina B.</i> Retronym as a Mean of Formation of New English Terms .....	137-145
<i>Sarekenova K., Turarkhanova K.</i> Features of Phraseological Units Related to Human Respiratory System in Kazakh and Turkish .....	146-152
<i>Shakhputova Z., Nurtazina M.</i> Linguistic Binary Oppositions As a Way of Conceptualization of Linguistic World View .....	153-164

---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

<i>Арыккарақызы Е.</i> Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений) .....	8-14
<i>Баекенова А., Турысбек Р.</i> Эпистолярное наследие: письма и переписки (по материалам переписки Сабита Муканова) .....	15-22
<i>Кожашев М.</i> Импровизаторское искусство Жамбыла: синкретизм и мастерство слова .....	23-29
<i>Мусайева И.</i> Генезис романа в классической азербайджанской литературе ...	30-43
<i>Назарова А., Мансуров Н.</i> Этимологическая характеристика термина «мифологема» .....	44-50
<i>Рыскулбекова С., Дуйсенгазы С.</i> Толгау независимости: основы и современные тенденции .....	51-58
<i>Сыдыкбаева А., Аймухамбет Ж.</i> Проявление антропоморфизма в современном казахском рассказе (По рассказу «Кентавр» Аскара Алтая) .....	59-67
<i>Тебегенов Т., Кожашев М.</i> Жамбыл – поэт Великой степи .....	68-73

### *Лингвистика и методика*

<i>Абдуова Б.</i> Профессиональная языковая компетентность: факты и направление ...	74-82
<i>Ержуманова А., Елубай А.</i> Indefinite аспект английского языка: развитие в диахронии и синхронии .....	83-91
<i>Жумагулова В., Каримова Г.</i> Лингвокогнитивные возможности СМИ в воздействии на общественное сознание .....	92-99
<i>Исенова Ф.</i> Академическое эссе и его роль в формировании письменной компетенции студентов .....	100-106
<i>Кусаинова Ж.</i> Влияние явлений актуализации, деактуализации на синтаксические закономерности .....	107-114
<i>Логинова М., Жаркынбекова Ш.</i> Понятие «нарратив» в парадигме гуманитарного знания .....	115-128
<i>Мамаева Г.</i> Однокорневые тюркские термины .....	129-136
<i>Осокина Д., Мурзалина Б.</i> Ретроним как средство образования новых английских терминов .....	137-145
<i>Сарекенова К., Турарханова К.</i> Особенности фразеологических единиц, связанных с системой дыхания человека на казахском и турецком языках .....	146-152
<i>Шахпуртова З., Нуртазина М.</i> Лингвистические бинарные оппозиции как способ концептуализации языковой картины мира .....	153-164

XFTAP 19.07.12

**Айдана Сыдықбаева<sup>1</sup>, Жанат Аймұхамбет<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>a\_zhanat@mail.ru, <sup>2</sup>sydykbaeva\_a@mail.ru)

### **Қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизм көрінісі** (Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесі бойынша)

**Андатпа.** Ежелгі дүниетаным мен ілкі санадан бастау алатын антропоморфизмдер – өнердегі көркемдік әдіс. Алайда антропоморфизмдер бүгінде формасын өзгертіп, символдық, тұспалдық мәнге ие болуы нәтижесінде көбіне шығармадағы айтылар ойды жеткізуге ықпал етіп, көркемдік-эстетикалық қызмет атқарады. Мақалада қазіргі қазақ әңгімесіндегі антропоморфизмнің қаламгер мұратын, ұстанымын танытудағы осы қыры талқыланады. Сондай-ақ антропоморфтық танымның қазақ халқының фольклорында, күнделікті тұрмыс қолданысында кездесуіне шолу жасалады. Мифология мен көркемдіктің үйлесімін талдау арқылы мифологиялық және антропомифологиялық бейнелеулердің бүгінгі әдеби дамудағы өзіндік ерекшелігі мен маңызы көрсетіледі, өмір шындығын бейнелеу тәсілдеріне сараптау жасалады. Жазушы Асқар Алтай әңгімелерінде мифтік кейіпкерлер мен сюжеттердің уақыт көшіне орай трансформациялануы, қаламгердің оны құбылта пайдалану шеберлігін тану қазіргі кезең әңгімелерін жана көзқарас тұрғысынан талдаудағы өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз.

**Түйін сөздер:** антропоморфизм, кейіптеу, персонификация, анимизм, көркемдік-бейнелілік жүйе.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-59-67>

Антропоморфизм сөзіне «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде»: «Антропоморфизм (грекше «*antropos*» – *адам*, «*morphe*» – *форма, пішін*) – адамзаттық, халықтық дүниетанымдағы жаратылыс иелерін (құдайды, періштелерді, мал-жан иелерін), табиғаттағы нәрселерді (ғарыштық, географиялық объектілерді, жан-жануарларды, өсімдіктерді, т.б.) адамға ұқсату құбылысы, өнердегі көркемдік әдіс. Антропоморфизм ежелгі дүниетаным мен ілкі санадан бастау алатын құбылысқа жатады. Ол байырғы мифологиялық және діни аңыздардан айқын байқалады» деген анықтама берілген [1, 65 б.].

Антропоморфизмді философиялық-танымдық тұрғыдан зерттеген ғалым Т.А. Титованың пікірінше, антропоморфизм терминінің синонимдері – кейіптеу, персонификация (латынша *persona* – адам, тұлға, *facio* – жасаймын), прозопопея (грекше *prósōpon* – тұлға, *poiéō* – істеймін). Бұл синонимдер адамдық кейіп-қасиеттердің жансыз заттар мен құбылыстарға ауысуы секілді метафораның ерекше түрін айқындайды [2, 172 б.].

Антропоморфтік таным бойынша, адамға тән қасиеттер жануарлар мен өсімдіктерге, күллі табиғат құбылыстарына «көшеді»: оларға тіл бітеді, ойлай алады, сезіне алады және адам сияқты әрекет етеді. Бұл әсіресе мифтік танымға тән, антропоморфизмнің анимизм мен тотемизмнен айырмашылығы мұнда табиғат пен адам өмірінің құбылыстары құдайлар мен рухтардың ерік, әрекеттері арқылы түсіндіріледі. Яғни дүниені, қоршаған ортаны тануда, оны қабылдауда адамды басты модель ретінде қолданады, бұл сонау архаикалық кезеңдерден бастау алған.

Жалпы мифологиялық пайымдаулардың өзіндік логикасы бары белгілі. Адамдар мифті жасауда негізінен белгілі бір принциптерге бағынған. Солардың ішіндегі ең негізгісі деп антропоморфизді айтуға болады. Негізінде бұл ұғым адамдарға ұқсас, адам тектес деген мағынаны береді. Мифтік бейнелер мен әлемге қатысы бар нәрселерді, табиғат құбылыстарын адамдардың қасиеттерімен ұқсастырады. Ойлаудың мұндай түрін жасаудың



өзі алғашқы қауымдық адамдар үшін орынды да. Әрине, бұл олардың саналы түрде жасаған ойлаудың түрі емес. Мәселе мынада: белгілі бір құбылыстармен кезіккенде оларды біз алдын ала біршама жинақталған мағлұматтар болғанда ғана тани аламыз. Бірақ ертедегі адамдар үшін өзін қоршаған орта туралы аз ғана мағлұматтардың ішіндегі ең белгілісі тек оның өзі болды. Сол себептен ол өзінің басқа нәрселер туралы түсініктерін өзі туралы білетін мағлұматтар арқылы жасап, олар әйтеуір бір нәрселерімен өзіне ұқсас деп тануына тура келді, солай деп ұйғарды. Ертедегі адамдар қалай болғанда да болмыстағы өздері көрген құбылыстарды көз алдына елестете отырып оларға адамдық қасиеттерді беретіндігін өздері де жете түсінген жоқ. Ал адам қасиеттерінің ішіндегі ең негізгілеріне ең алдымен адам құлқысының, сезімдерінің қажеттіліктерінде көрінетін – өмір. Сондықтан да болар, адам өз денесін басқаратын белгісіз бір күш – **рух, жан** дегенің бар екендігін байқамауға болмады. Олар жанды көпшілік жағдайда адамға ұқсастырып не түрлі жан-жануарларға, жәндіктерге, белгісіз бір табиғат құбылыстарының түрлеріне баламалады.

Сонымен, антропоморфизм принципі әр түрлі құбылыстар мен заттарды жандандыруға және «тірілуге» әкеледі. Яғни әлем денелерімен толыққан әрі жанды деген түсінікке бекиді. Осыдан адамдарға ұқсас жаны мен денесі бар мифтік құдайлар мен фантастикалық жандыларды туындатуға әкелетін жол басталады. Жалпы, антропоморфизм дегеніміз – дүниені тану үлгісі; адам мен табиғат арасындағы айырмашылық; қарым-қатынасты білдірудің метафоралық сипаты.

Антропоморфтық таным қазақ халқының фольклорында кеңінен көрініс тапқан. Адам кейпіндегі киік (кісікиік), жын, пері, дию, жезтырнақ, албасты, т.б. ұғымдар – осының айғағы. Көшпелі қауым өздеріне бағыт-бағдар сілтеуші жұлдыздар (Темірқазық, Жетіқаракшы, Ақбозат пен Көкбозат, т.б.), желеп-жебеуші табиғат күштері (Жер Ана, Көк Тәңірі, Ай, Күн, т.б.), төрт түліктің иелері мен киелері (Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба, Ойсылқара) туралы түрлі аңыз-әңгімелер шығарған. «Жеке батыр», «Толағай», «Балқаш», «Қаратал» секілді атақоныс, мекенжай атауларына байланысты, байғыз, көкек, сауысқан, қарға, тасбақа, т.б. аң-құс, жан-жануарлар туралы аңыздар – халық дүниетанымының айқын мысалдары.

Ежелгі адамдар өздері түсіндіре алмайтын кей құбылыстарды (мысалы, найзағай мен нөсер) жай бақылап қана қоймай, оны бәріне түсінікті етуге тырысқан. Мұндай жайттарды өзара салыстыру арқылы оларды бақылауға, зерттеуге қол жеткізген. Антропоморфизмнің мұндай жаңғырығы әр түрлерде дами отырып, бүгінге де жетті. Оның көрінісі қазіргі тілде де байқалады: «түнерген аспан», «сыбдырлаған жапырақ», «сыңғырлаған бұлақ», «күркіреген өзен», «жарық дүние», «мүлгіген табиғат», «жайдары жаз», «ұйтқыған боран», «тыншыған дауыл», «маңғаз төбет», «ку түлкі», «аспан жылап тұр», «күн күліп тұр», «өзен ағып жатыр», «күн ұясынан шықты», «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз», т.б. Мұнда бейне жанды нәрселер туралы айтылып жатқандай сезіледі. Яғни қазіргі санада ол тілдік метафоралар мен көркем бейнелер арқылы сақталған.

Жалпы, антропоморфизмді әдеби-эстетикалық және күнделікті қолданыстағы деп екіге бөліп қарастырсақ болады.

Әдеби-эстетикалық антропоморфизм поэзия, прозада жиі кездеседі. Поэтикалық сөзде табиғаттың адамға (не оның әрекетіне) немесе керісінше ауысуы көп байқалады, сондай-ақ басты көркемдік құралдардың біріне айналады. Мысалға Мағжан ақынның «Гүлсімге» өлеңіндегі:

*Алдап, меруерт көбік шашар,  
«Кел, – деп, – бері!», қойнын ашар.  
Тұрмыс-теңіз бір тұңғиық.  
Теңізге кім басар қадам?  
Басса, басар оған адам*

*Жанын сатып, жанын қиып!*

*Тұрмыс-теңіз сылқ-сылқ күлді,*

*Сұлу суға кірді де өлді* [3, 13-14 б.], -деген жолдардағы адамға тән іс-әрекеттер символдық мәнге ие болған.

Күнделікті қолданыстағы антропоморфизм адамдардың күнделікті өмірі мен баланың бастапқы жетілу деңгейіне тән. Мәселен, «пойыз кетіп қалды», «күн ысқырып тұр», «демін ішіне бүрікті», «күннің қабағы қату», т.б. сөздерді жиі айтамыз, естиміз.

Антропоморфизмдерді Л. Иванов танымдық (1), поэтикалық (2), риторикалық (3), лингвистикалық (4) тұрғыда бөліп көрсетеді де, оның тұрмыстық түріне ерекше тоқталады: «Әдебиеттануда әдеби тілден және поэтика тілінен тыс жатқан антропоморфизмнің көптеген үлгісі келтіріледі. Ал тұрмыстағы антропоморфизм көбіне баланың ерте кездегі даму сатысында кездеседі. Мысалы, балалар табиғаттағы себеп-салдарлық қарым-қатынасты «Аспанда ай көрінбейді, себебі ол қонаққа кеткен» секілді тіркестермен адамдар арасындағы қатынасқа ұқсатып жатады [4]. Сондай-ақ ол адамның табиғатына ие болмайтын жансыз заттар, тіршілік иелері мен көркемдік субъектілердің адамның физикалық немесе психикалық қасиеттеріне ие екендігін атап көрсетеді. Оларға, мысалы, сезіну, эмоцияларды, сөйлеу, ойлау, мағыналы әрекеттер жасау қабілеті жатады.

Ал, Т.А. Титова оны лексикалық және синтаксистік деп екіге бөледі. Лексикалық антропоморфизмдер – адамның дене мүшесі саналмайтын, адамға тән қасиеттерге ие емес, бірақ солай бола тұра, этимологиялық жағынан сонан бастау алатын заттардың атын білдіретін лексикалық бірліктер. Мысалы, (үстелдің) аяғы, (орындықтың) арқасы. Ал, синтаксистік антропоморфизмдер – адамдық қасиеттер тән емес, бірақ «адамша әрекет ететін» сөздердің бірлігі. Мысалы: алай-дүлей табиғат, теңіз тынысы. Синтаксистік антропоморфизмдер лексикалыққа қарағанда күрделі, себебі олар қатынас деңгейін көрсетеді [2, 176 б.].

Ғалым А.Н. Чанышевтың айтуынша, гомерлік эпоста табиғаттағы және өмірдегі нәрселердің бізге жат логикасы, яғни антропоморфтық үлгісі бар. Мифологиялық тұлғалар бір-бірімен қандас туыс болып келеді. Мысалы, ұйқы құдайы Гипнос – өлім құдайы Танатостың егіз бауыры, қорқыныш құдайы Фобос – соғыс құдайы Арестің ұлы. Жер, су және аспан құдайлары – Аид, Посейдон және Зевс. Бұлардың барлығында антропоморфтық негіз жатыр. Олар арқылы адамзаттың түрлі болмысы көрсетілген. Тағы да А.Н. Чанышевқа жүгінер болсақ, ол былай дейді: «Құдайлар да адам сияқты, оларды жаралауға болады, ауырсынуды сезеді. Бірақ айырмашылығы – мәңгі жас әрі ешқашан өлмейді... Былайша айтқанда, табиғи процестер мен құбылыстардың антропоморфтық егіздері» [5, 15 б.].

Алғаш тарихи қалыптасқан да, логикалық негізделген де – мифологиялық антропоморфизм. Бұл әсіресе ежелгі грек мифтерінде жиі көрініс береді. Мәселен, грек құдайлары мен перілері адамға тән қасиеттерге, тұлғалық сапаларға ие болған, сондай-ақ адам секілді олардың да іс-әрекетінде кемшіліктері мен кемшін тұстары кездескен. Бұрынғы құбыжықтар туралы мифтердің орнына енді олармен күресіп, нәтижесінде жеңіп шығатын Геракл секілді батырлар хақындағы мифтер пайда болды. Бұл грек мифологиясындағы табиғатқа адам үстемдігінің арта түскенін дәлелдейтін антропоморфизмнің даму кезеңін сипаттайды. Алайда уақыт өте келе тайпалық-рулық қауымның ыдырай бастауына байланысты бұл қарапайым мифологиялық антропоморфизм жоғалды.

Мифологиялық дүниетанымға ие адам санасына сипаттама бере отырып, А.Н. Чанышев оның мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетеді: эмоционалдылық, әлемді бейнелі қабылдау, ассоциация, гилозоизм (барлық материяны тірі деп есептеу), аниматизм, оның жекелеген бөліктеріне жан бітіру (анимизм) [5, 17 б.].

Ғылым қарыштап дамыған сайын антропоморфизм адам санасынан ысырылуда, дегенмен кейбір салада сақталып қалған (мысалы, зоопсихологияда). Оны тек архаистік сананың қалдығы деп қарастырған дұрыс емес. Қазіргі заманғы ғылыми, техникалық, атап айт-

қанда, кибернетикада, әдебиетте антропоморфтық ұғымдарды қолдану адам мен машина әрекетінің жұмыс істеу принциптері мен нәтижесінің объективті ұқсастығына негізделген әрі осы салаларда жиі көрініс табады. Техникалық құрылғыларды түсініп, меңгеру үшін біз оларға адамдық қасиеттерді таңамыз. Компьютердің жұмыстарын бүгінде «жадында сақтайды», «қорытындысын шығарады», «ойланады», «сұрақ қояды» және «жауап береді» дейміз.

Антропоморфтандыру адамзаттың дүниені танудағы алғашқы бастауының бірі болса да, қазақ әдебиетіндегі зерттелуі кейінгі жылдары қолға алына бастады. Зерттеуге бұлайша жаңа бір қырынан келу ХХ ғасырда ерекше қарқын алған антропоцентристік зерттеулерден бастау алса керек.

Антропоморфизм қазақ әдебиетінде ежелден бар, оның бастауы фольклорда, ауыз әдебиетінде жатыр. Әсіресе адамзаттық алғашқы дүниетанымның айқын көрінісі саналатын архаикалық ертегілерде жиі кездеседі. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде батырдың аты Шалқұйрыққа, Бапы хан бастаған жыландарға, су басындағы еліктерге тіл бітуі, адаммен сөйлесуі осының дәлелі [6, 5-44 б.]. Сондай-ақ антропоморфтық белгілер хайуанаттар туралы ертегілерден де ерекше аңғарылады.

Белгілі фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов анимистік танымнан бастау алатын бұл сипаттардың қазақ ертегілеріндегі ерекшелігін көрсетеді: «Анимизмнің белгілері мақұлыққа немесе затқа айнала алатын құбылмалы кейіпкер образында дуальды түрде көрінетіні қазақ ертегілерінен де табылады; дуализм образының айқын мысалы – орыстың Финист-Ясный Сокол, түріктің көгершін патшазадасы болып табылады. Қазақтарда бұндай рөлді көбінесе жылан, кейде қасқыр, құс атқарады. Түрік немесе орыс ертегілерінен өзгешелігі – қазақ ертегілерінде антропоморфтық образдар жасалады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісіндегі алып құс – Самұрықтың бірі құстікіндей, бірі адамдікіндей, адамша сөйлей алатын екі басы бар» [7, 86 б.].

Демек, антропоморфизм әдісінің фольклорлық шығармаларда атқаратын рөлі зор. Ғалым Б.М. Сұлтанова, М.Ш. Тойғанбекова оның әсіресе ертегілерге эмоционалдық реңк беріп, ондағы танымдық мәліметті жандандыратынын, сондай-ақ хайуанаттар өзара әңгімелесу арқылы өздері жөнінде маңызды мәліметтер айтатынын көрсетеді [8, 169 б.].

Мифтанушы ғалым Ж. Аймұхамбет анимистік сенімнің, антропоморфизмдегідей, көркем әдебиеттегі кейіптеумен сабақтастығын көне мифтің көркем мифологияға айналуы ауқымынан (О. Бөкей шығармашылығы негізінде) қарастырады [9, 88-107 б.].

Антропоморфизм үлгілерін қазіргі көркем шығармалардан көптеп кездестіруге болады. Дегенмен бүгінде ол формасын өзгертіп, көбіне символдық, тұспалдық мәнге ие болады да, осының нәтижесінде шығармадағы айтылар ойды жеткізуге қызмет етіп, көркемдік ойлау жүйесіне ықпал етеді. Біздің бұл ойымызға мифологияны зерттеген ғалым А. Лосевтың мына пікірі айқын дәлел болмақ: «Антикалық ойдың соңғы нәтижесі ретінде, миф бұрынғыдай аллегория болмай, символға, субстанциональды ұғынылатын символға айналды, яғни өзінің әуелгі бағзы мағынасына ие болды» [10, 468 б.].

Көркем шығармалардағы антропоморфизмдер жайлы ғылыми айналымға түскен бірлі-жарым зерттеу жұмыстары бар болғанымен, олардың көркемдік-эстетикалық қызметі сыни тұрғыдан толық зерттеле қойған жоқ. Антроморфизмдердің қазіргі қазақ прозасында Төлен Әбдік, Асқар Алтай, Думан Рамазан, Дидар Амантай, Айгүл Кемелбаеваның, т.б. мифологиялық логикаға негізделген мистикалық сарынды кие тұтқан постмодерндік үлгідегі әңгімелерінен көрініс табатынын байқауға болады. Жалпы, антропоморфизмдердің көркемдік танымға ықпал етіп, қаламгер мұратын, ұстанымын танытудағы қызметі зор.

Тәуелсіздік дәуірі әдебиетіндегі жаңа бағыттың көшін бастайтын қаламгерлердің бірі – Асқар Алтай шығармаларында мифтік аңыздарды көп пайдалануымен ерекшеленеді. Біздің мақаламызға арқау болатын сондай әңгімелерінің бірі – «Кентавр». Кентавр

– мифтік образ. Ол – ежелгі грек мифтеріндегі басы адам, тұрқы жылқы болып келетін бейне. Шығармадағы басты кейіпкер – «жылқы жарғақты құлын-сәби» Басарыс – Аққазы мен Моншақтың алты жыл дегенде Алладан тілеп алған ұлдары...

*«Алладан мойындарына бұршақ салып, нәрестелі болуды сұрады. Әулие Ырғызбай атаның басына түнеді. Ұлы Мұрын апасы мен Байыс бабаларының, Қабанбай батыр, Боранбай би, Қырықбай қажы мен өз ата-бабаларының аруағына бағыштап құрбан шалдырып, Құран оқытты. Алла алқады, аруақ қолдады!*

*Құбыжық емес, құлын-сәби дүниеге келді. Өзінің де кең құрсағы жиылып, тас емшегі жібіді. Құрсағын кернеген құлын-сәбиіне де шүкір! Әйтпесе, атаңа нәлет атом сынағынан небір сұмдық мақұлықтар туып жатыр ғой. Адамнан да, малдан да... Аңнан да, құстан да... Иә, бір Алла сақтасын! Көк тәңірінің көзі түзу түссін! Ал пенденің тілегі оң болсын!»* [11, 178 б.].

...Бұл жайт оқып отырған жанды да жайбарақат қалдырмасы анық. Туындыны дәл бұлай шиеленістіре бастау, шынында да, оқырманын ынтықтыра түсіріп, алға жетелеп әкелетін тартымды әдіс.

Таңғаларлығы сол, ары қарайғы жайт бейне қалыпты тірліктей жалғасын табады. Аққазы мен Моншақ балаларының өзгеден ерек дүниеге келгеніне бірден-ақ үйреніп кеткен, соншалықты алаңдай қоймайтын секілді, әрқайсысы еш қамсыз өз тірлігімен жүр. Бұл да мифтік сарындағы шығармаларға тән әңгіменің бір ерекшелігі.

Мәтіннен мифтік аңыз бен қазақы дүниетанымның сабақтастығын аңғарған ғалым С. Такиров біз жоғарыда мысал келтірген әке-шешесінің баланы тілеп алғаны туралы: «Соңғы сөйлемге, оның өзінің алдындағы сөйлемдермен ақпарлық байланысына баса назар аударсақ. Кентавр-нәресте Басарысты әке-шешесі Аққазы мен Моншақ Алладан тілеп жүріп сұрап алады. Алла бұлардың қалау-тілектерін орындады, қабыл алды. Тек енді пендесі дұрыс ұқсын, тілегі оң болсын, жиіркене жек көре не үрейлене қарамасын деп автор-баяндаушы осы тұста бейтарап қалуды, бейтарап баяндауды жөнсіз санап мәтіннің ішіне өзі де «ене отырып», образ-кейіпкеріне болысатынын, соның жағында екендігін ашық білдіріп өтеді (дәстүрлі жазу стилінің нышаны), оқырманды образ-кейіпкерінің алда күтіп тұрған «тағдырынан» хабардар етеді. Ал оны алда адамдардың табиғат-анаға деген қатыгездігіне куә болу мен табиғаттың ол да адам секілді бір перзенті болған аюды аман алып қаламын деп ұмтылғанында, өзінің ағасының қолынан қазаға ұшырау күтіп тұр еді» дейді [12].

Құлын-сәби ертегі, батырлық жырлардағы басты кейіпкерлер секілді тез өседі: «Жылқы тұрпатты, адам тұлғалы нәресте де ширады. Ол жануардай жылдам аяқтанды. Ертегідей ерте тілі шығып, ерте ес кірді» [11, 177 б.]. Бұл мифтік әңгіменің фольклорлық шығармалармен өзара байланысын, өзіндік ерекшелігін байқатса, екінші жағынан, мифтік кейіпкердің сыртқы келбет-пішіні де туындының әрін кіргізіп, ерекше елтітіп, өзгеше өң береді. Мұның басты себебі: шығарманың – әңгіме, ертегі мен миф қосындысы – фантастикалық антропология сипаттарымен ұштасып жатқандығында.

Демек, «Кентавр» әңгімесі арқылы, біріншіден, фантастикалық антропологияның қазіргі әңгімелерде көркемдік тәсіл ретіндегі қолданысын байқасақ, екіншіден, автор осы өзі алып отырған тың форма арқылы бүгінгі өмір шындығынан хабар береді.

«Кентавр» Айгүл Кемелбаеваның «Қоңыр қаз» әңгімесі секілді, фантастикалық антропология сипатындағы әңгіме екенін айттық. Жазушы мұнда кентавр образын көркем деталь етіп алғанымен, кейіннен ол символдық белгіге ауысады. Яғни, автор шығармаға антропоморфтық кентавр бейнесін санасы уланған, сырттан келген түрлі идеологиялардың құрбанына айналған будандасқан ұрпақтың символы ретінде алады.

Асқар Алтай туындыларына адам мен табиғат мәселесі жиі арқау болатынын білеміз. Сол екі жаратылыс арасындағы байланысты көрсетуде жазушы мифтік сюжет пен мифтік образдарды көп пайдаланады. Бұл орайда көбіне табиғаттағы барша дүниені адамға тән

іс-әрекет, көңіл күймен бейнелейтін кейіптеу тәсілі көмекке келеді. Асқар Алтай назарына жиі ілігетін дала, тау, жел, т.б. жанды-жансыз зат пен құбылыс жазушы қаламында барынша мифтендіріледі.

Құлын-сәби, расымен де, Аққазы мен Моншақтың маңдайына бұйырған тағдырдың сыйы. Мүмкін атомдық полигонның залалы. Қазірде экологиялық апат зардабынан бұдан да қорқынышты жағдайлар тіпті де көп.

«Жылқы тұрпатты, адам тұлғалы нәрестені» адамның, қоғамның жатсынуы табиғи. Егер автордың айтпақ ойының астарына үңілсек, адамды қанша саналы десек те, мұндай өзгешелікті көтере алмасы анық. Ұқсастық қана адам жүрегіне жайлылық, аздаған тыныштық алып келуі мүмкін. Ал құлын-сәби – сол көптен жырақ өзгешелік. Демек оны адамдар әлемінен жасырын ұстау керек.

Алайда тұрқы жануар құнан-жігіттей табиғатқа адамның жаны ашиды ма? Құнан-жігіт аю қонжықтарының тіршілігін көргенде, бәлкім өз бойынан әлдебір ұқсастық тауып, оларға деген аяныш сезімі оянғанын сезінбеген де шығар, дегенмен қонжықтардың анасын атқан Дулат бастаған аңшылардың оғы енді олардың өзіне бағытталғанын көрген Басарыс қалай араша түсуге жанталасқанын өзі де байқамай қалады. Хайуандық түйсіктің басым түскені ме? Әлде бұл Керімғазы ағасының құнан-жігітті өзі де байқамай атып салуымен адамдық негіздің үстемдігі ме? Бәрібір кентаврдың адамға қарағанда аяушылық, ізгілік танытқанын көреміз. Керімғазы өзінің туған ағасының баласын неге атты? Дұрысы сол деп ойлап, оқиға керісінше болғандағы кері зардабынан қорықты ма? Әлде адамдар өсек-аяң, сөгісінен қашты ма? Кентаврдың болашағынан күмәнденді ме? Белгісіз.

Шығарма түйіні – сұрақ.

Әңгіменің бұлай қайшылыққа толы аяқталуына қаламгер жауап іздеуді өзіңізге қалдырады. Мифтік әңгіме деп мұндай қисынмен аяқталғанына сеніммен қарасаңыз да, жазушы қаламының арқасында сендіретіні сонша, әңгіме астарынан, расымен, шындықты іздей бастайсыз, ойлана бастайсыз. Автор адам мен табиғаттың үндестігін, тепе-теңдігін сақтауға, оны бұзбауға шақыратынын аңдайсыз. Алайда мұны шығарма мазмұнында баяндамағанмен, ойланып, ой қорытуды оқырманның өз еншісіне қалдырады.

Адам баласы үшін өз ортасында төрт аяқты жанның жүргені артық. Себебі ол «біз» секілді емес. «Біздің» ар жағында тәкаппарлығы мен өзімшілдігі үстем «мен» тұр. Дулат өзінің сол депутаттық «менін» аман алып қалмақшы. Керімғазы да адамдар арасындағы артық жаратылыс – кентаврдан құтылу арқылы өзіндік «менін» сақтап қалды. Осылайша адам баласына қиянаты жоқ «жануар тәнді, адам ойлы жұмбақ құбылыс» жер бетіндегі пенденің «тыныштығы» үшін «қос аяқтай көкке шаншыла қарғып» «қасат қардың үстінде тыныштық тапты».

